



by Schneider Electric

## Easy UPS пайдаланушы нұсқаулығы BVX сериясы 700ВА, 900ВА, 1200ВА, 1600ВА, 2200ВА

### Маңызды қауіпсіздік ақпараты

Құрылғыны орнатуға, пайдалануға, оған қызмет көрсетуге немесе оны жөндеуге талпынудан бұрын оны жақсырақ тану үшін нұсқауларды мұқият оқып шығып, жабдықты қарап шығыңыз. Ықтималды қауіп-қатерлер туралы ескерту үшін немесе процедураны айқындайтын немесе жеңілдететін ақпаратқа назар аударту үшін осы құжат бойынша немесе жабдықта келесі арнайы хабарламалар орын алуы мүмкін.



Бұл таңбаның «Қауіпті» немесе «Ескерту» белгісіне қосылуы электрлік қауіптің бар екенін білдіреді, егер нұсқаулар орындалмаса, бұл жарақат алуға әкелуі мүмкін.



Бұл қауіпсіздікке қатысты ескерту белгісі болып табылады. Ол сізді ықтималды жарақат алу қауіптері туралы ескерту үшін қолданылады. Ықтималды жарақат алу немесе өлім қауіптерінің алдын алу үшін осы белгіден кейін көрсетілетін барлық қауіпсіздік хабарламаларын орындаңыз.

#### **⚠ ҚАУІПТІ**

«ҚАУІПТІ» жазуы алды алынбаған жағдайда өлімге немесе қатты жарақат алуға әкелетін қауіпті жағдайды білдіреді.

#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

«ЕСКЕРТУ» жазуы алды алынбаған жағдайда өлімге немесе қатты жарақат алуға әкелуі мүмкін болған қауіпті жағдайды білдіреді.

#### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

«АБАЙЛАҢЫЗ» жазуы алды алынбаған жағдайда кішігірім немесе орта дәрежедегі жарақаттарды алуға әкелуі мүмкін болған қауіпті жағдайды білдіреді.

#### **ЕСКЕРТПЕ**

«ЕСКЕРТПЕ» физикалық жарақатқа қатысты болмаған тәжірибелерді хабарлау үшін қолданылады.

### Өнімді пайдалану нұсқаулығы



< 18 кг  
< 40 фунт



18-32 кг  
40-70 фунт



32-55 кг  
70-120 фунт



> 55 кг  
> 120 фунт



# Қауіпсіздік бойынша және жалпы ақпарат

## ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ –

Бұл нұсқаулық UPS құрылғысы мен батареяларды орнату және оларға техникалық қызмет көрсету барысында сақталуы қажет болған маңызды нұсқауларды қамтиды.

Бумаа ішіндегісін қабылдаған кезде тексеріңіз. Зақым бар болған жағдайда тасымалдаушыны және дилерді ескертіңіз.

- Бұл UPS құрылғысы тек бөлмеде қолдануға арналған.
- UPS құрылғысын қоректендіретін желілік розетка UPS құрылғысының жанына орнатылуы және оңай қолжетімді болуы керек.
- UPS құрылғысы жерлендірілген желілік розеткаға қосылуы керек.
- Батареяларға қызмет көрсету жұмыстарын батареялар мен қажетті сақтық шараларын жақсы білетін қызметкерлер орындауы немесе бақылауы қажет. Мұндай жағдайда батареялар пайдаланушы тарапынан ауыстырылмайды.
- Батареяны алмастырған кезде UPS құрылғысы өшірілуі, ол оның АТ кірісі ажыратылған болуы керек.
- **АБАЙЛАҢЫЗ** Батареяларды отқа тастамаңыз. Батареялар жарылуы мүмкін.
- **АБАЙЛАҢЫЗ** Тіісті түрдегі батареямен ауыстырылмаған жағдайда жарылыс қаупі пайда болады. Пайдаланылған батареяларды нұсқауларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.
- Батареяларды ашпаңыз не бұзбаңыз. Олар улағыш және тері мен көзге зиянды электролитті қамтиды.
- Ақаулы батареялар қолмен ұсталатын беткейлерде қызу шегінен асатын температураларға жетуі мүмкін.
- **АБАЙЛАҢЫЗ** Батарея электрлік токтың соғу қаупін немесе жоғары дәрежеде қысқа тұйықталған ток кәтерін төндіруі мүмкін. Батареялармен жұмыс істеген кезде келесі сақтық шаралары қабылдануы керек.
  - a. Қолсағатты, жүзіктерді немесе өзге металл заттарды алып тастаңыз.
  - b. Оқшауланған тұтқалары бар құралдарды пайдаланыңыз.
  - c. Резенке қолғап пен бөтенке киіп алыңыз.
  - d. Құралдарды немесе металл бөлшектерді батареялардың үстіне қоймаңыз.
  - e. Батарея клеммаларын қосудан немесе ажыратудан бұрын зарядтау көзін ажыратыңыз.
  - f. Батареяның кездейсоқ түрде жерлендірілмегенін тексеріңіз. Егер кездейсоқ түрде жерлендірілген болса, қуат көзін жерден алып тастаңыз. Жерлендірілген батареяның кез келген бөлігіне жанасу электрлік ток соғуына әкелуі мүмкін. Егер орнату және техникалық қызмет көрсету кезінде мұндай жерлер алынып тасталса, мұндай ток соғу ықтималдылығын азайтуға болады.

## Радиожиілік ескертуі

Бұл С2 санатындағы UPS өнімі. Тұрғын үйлерде бұл өнім радио кедергілерін тудыруы мүмкін, мұндай жағдайда пайдаланушының қосымша шараларды қабылдауы қажет болуы мүмкін.


## Өнім сипаттамасы

The APC by Schneider Electric компаниясының UPS құрылғысы сіздің үйіңіз бен жұмысыңыздағы сымсыз желілер, компьютерлер, ойын консольдері және өзге электрондық құрылғылар үшін кепілдікті қуатты және артық кернеуден қорғанысты ұсынады. Бұл UPS құрылғысы электр қуаты өшіп қалған кезде немесе тұрақсыз кернеу ауытқулары кезінде батареядан резервтік қуатты қамтамасыз етеді және сондай-ақ, зақымдаушы кернеу тербелістерінен қорғанысты қамтамасыз етеді. Бұл құрылғылар деректеріңізді қорғау және толассыз қосылысты қамтамасыз ету үшін мінсіз таңдау болып табылады.

## Орналастыру және қуат көзіне қосу

1. Easy UPS құрылғысын келесідей жерлерге орналастырмаңыз:

- Тікелей күн сәулесі түсетін жерлерге
- Тым ыстық жерлерге
- Тым ылғал жерлерге
- Тым шанды/кір жерлерге



Жұмыс үшін құрылғыны еденге орналастырыңыз.

2. Батарея тұтқасын жоғары қарай тартып, одан кейін оны құрылғының ішіне қарай итеру арқылы батареяны жалғаңыз.
3. Жабдықты UPS құрылғысына қосу. Ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
4. Easy UPS құрылғысының қуат кабелін желілік фильтрге не ұзартқышқа емес, тікелей қабырға розеткасына жалғаңыз.

**2 Easy UPS BVX сериясы 700BA, 900BA, 1200BA, 1600BA, 2200BA**

5. Құрылғыны қосу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймешігін басыңыз.

Жасыл «Қуат көзін қосу» индикаторы Easy UPS құрылғысының қосулы екенін және қорғанысты қамтамасыз етуге дайын екенін растайды. Жеткілікті шамада жұмыс уақытын қамтамасыз ету үшін Easy UPS құрылғысы кемінде 24 сағат қуатталуға тиіс. Құрылғы қосулы да, өшірулі де болғанда айнымалы ток қуатына қосылған кезде зарядталып тұрады.

## Жұмыс сипаттары

### Кернеудің автоматты дәлделуі (AVR):

Айнымалы ток кернеуі тиісті деңгейлерден төмендегенде/асып кеткенде Кернеуді автоматты түрде реттеу функциясы оны ұлғайтады/кемітеді.

Бұл қуаттың өшуі кезінде батарея қуатын сақтай отырып, құрылғыға қосылған жабдыққа төмен/жоғары кернеу жағдайлары барысында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Егер Кернеуді автоматты түрде реттеу үшін кіріс кернеуінің деңгейі тым төмен/жоғары болса немесе егер айнымалы ток қуаты бұрмаланса, Easy UPS құрылғысы батарея қуатына ауысады.

### Смартфондар мен Планшеттерге арналған USB қуаттау порты (тек BVX700LUI үлгілері үшін)

Бұл USB қуаттау порты ең көп 5В 1А ТТ қуатын қамтамасыз етеді. UPS құрылғысы желіден жұмыс істеу режимінде, батареядан жұмыс істеу режимінде және қуаттау режимінен тыс болған кезде бұл порт жалғанған жабдықты қуаттайды.

### Дыбысты жылдам өшіру

Easy UPS құрылғысы Батареядан жұмыс істеу секілді пайдаланушы тарапынан түзетілетін дабылдардың дыбысын уақытша өшіре алады. Мұндай дабылдар кезінде ҚУАТ түймесін қысқа уақытқа басу күйі бастапқы қалпына келгенше дабыл дыбысын уақытша өшіреді. Қысқа қос сигнал Дыбысты жылдам өшіру функциясының белсендірілгенін растайды. ҚУАТ түймесін 2 секундтан артық басу UPS құрылғысын өшіреді.

Батареяны ауыстыру және Зарядтау құрылғысы туралы хабарландыру секілді өзге критикалық оқиғалардың дыбысын өшіру мүмкін емес. Мұндай жағдайларда құрылғыны өшіру керек.

### Кернеу сезімталдылығын баптау

Easy UPS құрылғысының өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз. Сигнал естілгенше, ҚУАТ түймесін 10 секунд басып тұрыңыз. Жарықдиод жыпылықтап, сезімталдықтың ТӨМЕН дәрежесі орнатылады. ҚУАТ түймесі тағы 10 секунд басылса, жарықдиод жанып, сезімталдықтың ОРТАША дәрежесі орнатылады.

Жарықдиод күйі	Сезімталдықты орнату	Кіріс кернеуінің ауқымы	Ұсынылған пайдалану
Жыпықтау	ТӨМЕН	140–300 В АТ	Бұл параметрді кернеу ауытқуларына не сигнал пішімінің бұрмалануларына сезімталдығы азырақ жабдықтарда пайдаланыңыз.
Қосу	ОРТАША	145–295 В АТ	Зауыттық әдепкі параметр. Осы параметрді қалыпты жағдайларда қолданыңыз.

### Жарықдиод жарықтығын орнату

Easy UPS құрылғысы жарықдиод жарықтығын басқара алады. Нақты уақыт режимінде ҚУАТ түймесі қысқаша басылса, жарықдиод күңгірттеніп, сигнал естіледі. Тағы бір рет бассаңыз, жарықдиод жарықтығы алдыңғы күйіне оралады.

## Өзіндік сынақ

UPS 14 күн қосулы болса немесе нақты уақыт режимінде жұмыс істесе, Easy UPS ішкі батареяны автоматты түрде тексереді. Нақты уақыт режимінде ҚУАТ түймесі үш сигнал естілгенше басылса, батарея өзіндік сынақ жүргізеді. Содан кейін жарықдиод жыпылықтап, UPS өзіндік сынақ режиміне енеді.

Ескертпе: бұл жағдай батарея нақты уақыт режимінде толықтай зарядталған кезде ғана орын алады.

## Батареяны алмастыру

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

#### СУТЕКТІ СУЛЬФИДТІ ГАЗ ЖӘНЕ ТЫМ АРТЫҚ ТҮТІН ҚАУПИ БАР

- Батареяны кемінде әрбір 5 жыл сайын немесе жарамдылық мерзімінің соңында (қайсысы ерте болғанына байланысты) ауыстырыңыз.
- UPS құрылғысы батареяны ауыстырудың қажет екенін көрсеткен кезде батареяны дереу ауыстырыңыз.
- Батареяларды жабдықта бастапқыда орнатылған батареялардың бірдей нөмірімен және түрімен алмастырыңыз.
- UPS құрылғысы батареяның қызып кеткенін немесе электролиттің ағып кету белгілері орын алған кезде батареяны дереу ауыстырыңыз. UPS құрылғысын өшіріп, айнымалы тоқ кірісінен суырыңыз да, батареяларды ажыратыңыз. Батареялар ауыстырылғанша UPS құрылғысын іске қоспаңыз.







**Бұл нұсқауларды орындамау жеңіл немесе орташа жарақатқа және жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін.**


Easy UPS құрылғысындағы батареяны пайдаланушының өзі ауыстырмауы қажет. Сізге жақын өкілетті қызмет көрсету орталықтарының тізімін алу үшін SEIT техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Батареяны кәдеге жарату туралы ақпаратты алу үшін, [arc.com/recycle](http://arc.com/recycle) сайтына өтіңіз.


# Мүмкіндіктер

- A** Индикаторы бар ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі
  - B** Кіріс қуат сымы
  - C** Резервтік қуат көзі және қуаттың кенет тербелісінен қорғау ұясы
  - D** Батарея қосқышы
  - E** Сақтандырғыш
  - F** АТ сақтандырғышы бар АТ қуат кірісі
  - G** USB зарядтау порты (тек BVX700LI үлгілеріне арналған)
- \*тек IEC/Universal шығысы бар болған үлгі үшін





Үлгі	BVX700LI BVX700LUI BVX900LI	BVX700LI-GR BVX700LUI-GR BVX900LI-GR	BVX700LUI-AR BVX900LI-AR	BVX700LUI-MS	BVX900LI-MS
Шығыс түрі және мөлшері	 x 4	 x 2	 x 2	 x 2	 x 2  x 1
Айнымалы ток кірісінің сақтандырғыштары	√			√	√
Айнымалы ток кірісі Автоматты сөндіргіш		√	√		




**BVX700**




**BVX900**


Үлгі	BVX1200LI BVX1600LI BVX2200LI	BVX1200LI-GR BVX1600LI-GR BVX2200LI-GR	BVX1200LI-MS
Шығыс түрі және мөлшері	 x 6	 x 4	 x 4  x 1
Айнымалы ток кірісінің сақтандырғыштары	√		√
Айнымалы ток кірісі Автоматты сөндіргіш		√	




**BVX1200**




**BVX1600LI**



**BVX2200LI**



**BVX1600  
BVX2200**



Компьютерге қосылуға арналған IEC байланыстыру кабелі(1,2 м)  
\*тек IEC шығысы бар болған үлгі үшін

# Техникалық сипаттамалары

Үлгі		BVX700LI BVX700LUI	BVX900LI	BVX1200LI	BVX1600LI	BVX2200LI
<b>Кіріс</b>	Кернеу	220-240 ВАТ				
	Жилік	50 Гц немесе 60 Гц (авто сезімталдық)				
	Өшірулі кернеу арқылы тасымалдау	170 Ват	140 Ват			
	Шамадан тыс кернеу арқылы тасымалдау	280 Ват	300 Ват			
<b>Шығыс</b>	UPS сыйымдылығы (жалпы)	700ВА/360Вт	900ВА/480Вт	1200ВА/650Вт	1600ВА/900Вт	2200ВА/1200Вт
	Батареядағы кернеу	230 Ват ±10 %				
	Жилік - Батареядан жұмыс істеу	50 Гц / 60 Гц ± 0,5Гц				
	Тасымалдау уақыты	6мс әдепкі, 10мс макс.				
	USB зарядтау порты	Тек BVX700LUI үшін қолжетімді	Х	Х	Х	Х
<b>Қорғаныс</b>	Айнымалы ток кірісі Автоматты сөндіргіш (тек GR және AR үлгілері үшін)	5А/250Ват	7А/250Ват	10А/250Ват	12А/250Ват	15А/250Ват
	Айнымалы ток кірісінің сақтандырғыштары	T 5A L 250Ват	T 8A L 250Ват	T 10A L 250Ват	T 12A L 250Ват	T 15A L 250Ват
<b>Батарея</b>	Түрі (техникалық қызмет көрсетілмейді)	12В, 7АН x 1 қорғасын қышқылды	12В, 9АН x 1 қорғасын қышқылды	12В, 9АН x 1 қорғасын қышқылды	12В, 7АН x 2 қорғасын қышқылды	12В, 9АН x 2 қорғасын қышқылды
	Орташа қызмет ету мерзімі	Батареяның әдеттегі қызмет ету мерзімі үштен бес жылға дейін. Қоршаған орта факторлары батареяның қызмет ету мерзіміне ықпал етеді. Ұлғайған температура, жоғары ылғалдылық, нашар сападағы желі қуаты, және жиі, қысқа мерзімді разрядталулар батареяның қызмет ету мерзімін қысқартады.  Easy UPS сериясындағы батареяны пайдаланушының өзі ауыстырмауы қажет. Сізге жақын өкілетті қызмет көрсету орталықтарының тізімін алу үшін SEIT техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.				
	Әдеттегі қайта зарядтау уақыты	90 % қуат үшін 8 сағат				
<b>Физикалық</b>	Жалпы салмағы	4,2 кг	6,0 кг	7,5 кг	10,2 кг	12,2 кг
	Өлшемдері (Hx Wx D) см	13,8 x 9,8 x 31	16 x 12 x 35,5	19 x 14 x 39		
	Жөнелту салмағы	4,5 кг	6,5 кг	8,5 кг	11,2 кг	13,2 кг
	Жөнелту өлшемдері (Hx Wx D) см	22,2 x 14,2 x 34,6	25 x 19,7 x 43	29,7 x 23,5 x 49,5		
<b>Температура</b>	Басқару	0° және 40 °С аралығы				
<b>Халықаралық қорғаныс коды</b>		IP20				

\* Кіріс қуат сымның ұзындығы – 1,2 м. Тиімді жұмыс істеуі үшін 2 м аспайтын шығыс кабелін пайдаланбаңыз.

# Күй көрсеткіштері

ЖШД	Дыбыстық дабыл	Күйі
Қосу	Өшірілген	<b>Желіден қоректену</b> - Easy UPS құрылғысы жалғанған жабдыкқа АТ қуатын қамтамасыз етуде
	Тұрақты дыбыс	<b>Желіде артық жүктеменің орын алуы</b> - Жалғанған жабдық тарапынан қолданылған қуат құрылғы қуаттылығынан асып кетті. Кейбір жабдықтарды ажыратыңыз.
	Тұрақты сигнал (әр 1/2 секунд сайын)	<b>Температураның шамадан артуы анықталды</b> - Құрылғы қызып кетуде және 1 минут бойы AVR режимінде жұмыс істейді. Егер температура төмендетілмесе, Easy UPS құрылғысы өшеді. Жалғанған жабдықтардың кейбірін ажыратыңыз.
Қосу (4 дыбыстық сигналдан кейін өшеді)	Әр 30 секунд сайын 4 сигнал қайталануда	<b>Батареядан қоректену</b> - Easy UPS құрылғысы қуатты батареядан қамтамасыз етуде.
Жыпықтауда	Тұрақты сигнал (әр 1/2 секунд сайын)	<b>Төмен батарея деңгейі</b> - Easy UPS құрылғысы қуатты батареядан қамтамасыз етуде және батарея толықтай разрядталу күйіне жақын.
	Тұрақты дыбыс	<b>Батареяны ауыстыру қажеттілігі анықталды</b> - Батареяны зарядтау қажет немесе оның қызмет ету мерзімі аяқталуда. <b>Ескерте:</b> - Егер батарея ажыратылған болса, Easy UPS құрылғысын АТ қуат көзінен ажыратып, одан кейін оны өшіріңіз. 3-беттегі « <i>Орналастыру және қуат көзіне қосу</i> » бөлімін қараңыз. - Егер батареяны ауыстыру қажет болса, мәлімет алу үшін 2-беттегі « <i>Батареяны ауыстыру</i> » бөлімін қараңыз.
Өшірілген	Әр 4 секунд сайын қысқа сигнал	<b>Төмен батарея деңгейі себебінен өші</b> - Батареядан жұмыс істеген кезде батарея қуаты толықтай аяқталуға жақын қалды және Easy UPS құрылғысы АТ қуатының қалыпта күйге оралуын күтуде.
	Тұрақты дыбыс	<b>Желіден жұмыс істеген кезде артық жүктеме ақаулығының орын алуы</b> - Жалғанған жабдық Easy UPS тарапынан қамтамасыз етілетін қуат шамасынан артық қуатты қажет етеді. Артық жүктеме ақаулығын жою үшін құрылғыларды бір-бірлеп ажыратыңыз.  Егер мәселе түзетілмесе, SEIT Техникалық қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
		<b>Зарядтау құрылғысының ақаулығы</b> - Easy UPS құрылғысының ішкі ақаулығы орын алды және енді жүктемені қуаттамауда. SEIT Техникалық қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
	Әр 4 секунд сайын ұзын сигнал	<b>Температураның шамадан артуы</b> - Easy UPS құрылғысы қызып кетіп, өшіп қалды. Жалғанған құрылғыларды бір-бірлеп ажыратыңыз немесе жүйе суығанша бірнеше сағат күте тұрыңыз.

# Ақаулықтарды жою

Мәселе және ықтимал себебі	Шешімі
<b>Easy UPS қосылмайды</b>	
Easy UPS қосылмаған.	ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз.
Easy UPS құрылғысы АТ қуат көзіне жалғанбаған, қабырға розеткасында қолжетімді АТ қуат көзі жоқ немесе АТ қуат көзінде кернеудің азаюы немесе артуы орын алуда.	Қуат кабелінің қабырға розеткасына сенімді түрде жалғанғанына және қабырға розеткасында АТ қуат көзінің қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз. Мүмкін болса, қабырға розеткасының қосулы екенін тексеріңіз.
Батарея ажыратылған.	3-беттегі « <i>Орналастыру және қуат көзін қосу</i> » бөлімін қараңыз.
<b>Жалғанған жабдық қуатты жоғалтады</b>	
Easy UPS құрылғысының артық жүктеме күйі орын алды.	Розеткаларға жалғанған барлық маңызды емес жабдықтарды алып тастаңыз. Жабдықтарды бір-бірлеп Easy UPS құрылғысына қайта жалғаңыз. Батареяның толықтай зарядталуын қамтамасыз ету үшін оны 24 сағат зарядтаңыз. Егер әлі де артық жүктеме күйі орын алатын болса, батареяны ауыстырыңыз.
Easy UPS батареясы толықтай разрядталған.	Easy UPS құрылғысын айнымалы ток көзіне қосып, батареяны он сағат бойы қайта зарядтаңыз.
Жалғанған жабдық Easy UPS құрылғысынан жуықталған сатылы синусоидтық толқын пішінін қабылдамайды.	Шығыс толқын пішіні компьютерлер мен перифериялық құрылғыларға арналған. Ол моторлы жабдықпен пайдалануға арналмаған.
Easy UPS құрылғысы қызмет көрсетуді қажет етуі мүмкін.	Ақаулықтарды тереңдетілген түрде іздеу және жою туралы қосымша мәлімет алу үшін Schneider Electric компаниясының Техникалық қолдау қызметімен байланысыңыз.
<b>ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі жасыл түсті және әр 30 секунд сайын жыпықтауда. 30 секунд сайын 4 сигнал қайталануда.</b>	
Easy UPS құрылғысы батарея қуатынан жұмыс істеуде.	Easy UPS құрылғысы батарея қуатынан қалыпты түрде жұмыс істеуде. Бұл кадамда пайдаланушы барлық ашық файлдарды сақтап, компьютерді өшіруі қажет. Айнымалы ток қуаты қалпына келтірілген кезде батарея қайта зарядталады.
<b>ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі жасыл түспен жыпықтайды және тұрақты түрде әр 1/2 секунд сайын сигнал шығарады.</b>	
Easy UPS батареясының қуаты бітуге жақын және ол браздан кейін өшеді.	Easy UPS батареясы толықтай разрядталу күйіне жақын. Бұл кадамда пайдаланушы барлық ашық файлдарды сақтап, компьютерді өшіруі қажет. Айнымалы ток қуаты қалпына келтірілген кезде батарея қайта зарядталады.
<b>Easy UPS құрылғысының батареядан жұмыс істеу уақыты жеткіліксіз</b>	
Батарея толық зарядталмады. Батареяның қызмет ету мерзімі аяқталуға жақын және оны ауыстыру қажет.	Батарея толықтай қуатталғанға дейін Easy UPS құрылғысын айнымалы ток көзіне он сағат бойы қосуды күйде қалдырыңыз. Батарея ескірген сайын жұмыс уақыты да азаяды.
<b>UPS құрылғысы мен розеткалар өшулі, бірақ UPS құрылғысы әр 4 секунд сайын бір рет сигнал шығарады. Дабыл дыбысы 32 секундтан кейін өшеді.</b>	
UPS құрылғысы батарея деңгейінің төмен болуы себебінен өшіп қалды, бірақ басқарушы қуат бар.	Айнымалы ток кірісінің кернеуі қалыпты ауқымға оралған кезде UPS құрылғысы да қалыпты жұмысқа оралады.



# Қызмет көрсету

Құрылғы қызмет көрсетуді талап етсе, оны дилерге қайтармаңыз. Келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Нұсқаулықтың "Ақаулықтарды жою" бөлімін қайта қарап шығып, жалпы ақаулықтарды түзетініз.
2. Егер мәселе шешілмесе, APC by Schneider Electric компаниясының [www.apc.com](http://www.apc.com) мекенжайындағы веб-сайты арқылы Schneider Electric IT (SEIT) Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
  - a. Үлгі нөмірі мен сериялық нөмірді және сатып алу күнін жазып алыңыз. Үлгісі мен сериялық нөмірлері құрылғының артқы панелінде орналасқан.
  - b. SEIT тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне қоңырау шалыңыз да, техникалық маман телефон арқылы мәселенізді шешуге көмектеседі. Егер бұл мүмкін емес болса, техникалық маман Материалды қайтаруға рұқсат нөмірін (RMA#) береді.
  - c. Егер құрылғының кепілдігі бар болса, жөндеу жұмыстары тегін орындалады.
  - d. Қызмет көрсету үрдістері мен қайтару халықаралық деңгейде өзгеше болуы мүмкін. Өз еліңізге тән нұсқаулықты APC by Schneider Electric веб-сайтынан қараңыз.
3. Тасымалдау барысында зақымдап алмау үшін мүмкін болғанынша құрылғыны өзінің тұпнұсқа қаптамасына салыңыз. Орау үшін ешқашан көбік төсемдерін пайдаланбаңыз. Тасымалдау кезінде пайда болған зақымдалу кепілдікте қамтылмаған.
4. **Жөнелтуден бұрын әрқашан UPS БАТАРЕЯЛАРЫН АЖЫРАТЫҢЫЗ.** Америка Құрама Штаттарының Көлік Министрлігінің, Халықаралық әуе жолы қауымдастығының регламенттері UPS құрылғысын жөнелтуден бұрын оның батареяларын ажыратуды талап етеді. Ішкі батареяларды UPS ішінде қалдыруға болады.
5. Тұтынушыларды қолдау қызметі орамның сыртында қамтамасыз еткен RMA# жазып алыңыз.
6. Құрылғыны сенімді, алдын ала төленген тасушы арқылы Тұтынушыларды қолдау қызметі берген мекенжайға қайтарыңыз

## Кепілдік

### Өніміңізді онлайн күйде тіркеңіз. <http://warranty.apc.com>

Стандартты кепілдіктің мерзімі - сатып алу күнінен бастап екі (2) жыл. SEIT стандартты процедурасы бастапқы құрылғыны зауытта қалпына келтірілген құрылғымен алмастыру болып табылады. Активтер белгілерінің тағайындалуына және орнатылған өтегім жоспарларына байланысты бастапқы құрылғыны алуы тиіс тұтынушылар осы қажеттілік туралы SEIT техникалық қолдау өкілімен алғаш рет хабарласу кезінде хабарлауы қажет. SEIT компаниясы жөндеу бөлімі бүлінген құрылғыны қабылдағаннан кейін құрылғының алмастыруын жеткізеді немесе жарамды кредиттік карта нөмірін қабылдағанда жеткізеді. Тұтынушы SEIT компаниясына құрылғыны жеткізу ақысын төлейді. SEIT компаниясы құрылғының алмастыруын тұтынушыға жеткізу үшін жер үсті жүк транспортының ақысын төлейді.

## APC by Schneider Electric IT дүниежүзілік тұтынушыларға қолдау көрсету қызметі

Ел бойынша тұтынушыларға қолдау көрсету қызметі үшін, APC by Schneider Electric веб-сайтына кіріңіз: [www.apc.com](http://www.apc.com).